

Ж.З. Кадина<sup>1</sup>, Ә. Жақан<sup>1</sup>, Б.С. Сатеева<sup>1</sup>, Ж. Зенгин<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан;

<sup>2</sup>Синав колледжі, Түркия  
(E-mail: jannetta78@mail.ru)

## Психологиялық ілімнің қайнар көздері және бүгінгі қоғамдағы қолданылу аясы

Мақалада тарихымыздағы түрлі кезеңдердің, отаршылдық пен бодандықтың, соғыстар мен төңкерістердің, қолдан жасалған саяси науқан-нәубеттердің қазақ халқының қазіргі психологиялық ахуалының қалыптасып дамуына тигізген әсері сөз етілді. Авторлар әр ұлттың өзіндік ерекшелігінің болуы, оның басынан өткергені мен тұрғылықты географиясына тәуелді болу мәселесі зерттеулерде елеп-ескерілмеуі мүмкін емес екендігіне тоқталады. Белгілі ғалым Л.Н. Гумилев, психолог-педагог С.Қалиев, ақын М.Жұмабаев еңбектері халықтың психологиялық ахуалы, оның философиялық ойлау жүйесінің негізі делінген пікірлерінен мысал келтіреді. Қазақтың ұлттық психологиясындағы моральдік, этикалық, тәлім-тәрбиеміздегі ар мен намысты қасықтай қаны қалғанша қорғай білу, дархан көңіл, ақжарқындылық пен адалдық, досқа деген мейірімділік, бойымызға сіңген қасиеттерден адасып қалмау мәселесі көтерілді. Авторлар ұрпақ санасына ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтар туралы тұтас ұғым түзілуінде, бүгінде психологтардың маман ретіндегі еңбектерінің ерекше болу керектігіне тоқтам жасайды.

*Кілт сөздер:* ұлт, психология, этнопедагогика, этнопсихология, мінез, тіл факторы, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенім, ұрпақ, тарих, этнос, даму, құндылық.

Ғасырлар бойы халық болып қалыптасу барысында талай тарихи кезеңдердің, отаршылдық пен бодандықтың, соғыстар мен төңкерістердің, қолдан жасалған саяси науқан-нәубеттердің қазақ халқының қазіргі психологиялық ахуалының қалыптасып дамуына тигізген әсерін талдау қажеттілігі туындайды. Әсіресе кейінгі төрт ғасырға жуық отаршылдық пен бодандықтың салдарынан қазақ халқының құлдық психологияға ие болып отыруы оның болмысында қазіргі таңдағы этногенезінің түзілуіне, моральдік, этикалық, эстетикалық, тұрмыстық, кәсіптік, жалпы әлеуметтік жағдайларының бүлінуіне әкеліп соқты. Соның салдары халықтың қалыптасқан салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына, сол арқылы көнеден келе жатқан дәстүрлі тәлім-тәрбиесіне көптеген залалын тигізді.

Біріншіден — қазақ халқының қалыптасу құрылымының өте күрделі екендігі, ғасырлар бойы жүзден астам ірі рулар мен тайпалардан бірігіп, қазақ ұлтының дүниеге келуі. Ертедегі үйсіндердің, қаңлылардың, қыпшақтардың, наймандардың, керейлердің, тағы басқа ұлыстардың жеке-дара мемлекеттер ретінде тарихқа белгілі болғандығын білеміз. Қазақ халқының құрамындағы бұл рулар біртұтас халықтық болмысқа бірігуімен қатар, әлі де болса өзіндік қасиеттерін сақтап отыр. Ол әсіресе әр рудағы тіл диалектикасының, әдет-ғұрыптарының, салт-дәстүрлерінің кейбір түрлерінің ерекшеленетіндігінен байқалады. Халықтық педагогика дәстүрлерін зерттегенде бұларды елеп-ескермеу мүмкін емес. Қазақ халқына кіретін барлық ұлыстардың дара ерекшеліктерін қарай отырып, біртұтас халықтық тәрбие дәстүрін жасауға болады.

Екіншіден — еліміздің ұланбайтақ аймағының географиялық ендігі мен байлығының, табиғатының, климаттық ерекшеліктерінің, топырақ-өсімдік жамылғысының, жануарлар дүниесінің, жер асты — жер үсті суларының, рельефінің, тағы басқа табиғат факторларының әр қиырда тұратын, бір-бірімен кейде байланыса алмайтын қазақтардың психологиялық ахуалына, мінез-құлқының қалыптасуына тигізетін әсері әртүрлі екендігін ескерудің де мәні зор. Шығыста, батыста, солтүстікте және оңтүстікте, орталықта тұратын, таулы жерде немесе дала жазығында тұратын, шөлді аймақта не болмаса өзен-көлдің жағасында тұратын, адамдардың жаратылысы, табиғи болмысы әртүрлі екендігін ескеру қажет. Бұл фактор, ең алдымен, сол жердегі тұрғындардың психологиялық ахуалына, тіліне, салт-санасына, әлеуметтік ұстанымына, әрине, тәрбиелік дәстүріне өте зор әсер етіп, өзіндік мән мен мазмұн қалыптастырды. Белгілі тарихшы-ғалым Л.Н. Гумилев: «Этностардың этногенездік айырмашылықтары, нәсіліне, тіліне, дініне, біліміне ғана байланысты емес, мінез-құлқы мен жер-қыртыс бедеріне, табиғатты игеруіне де байланысты...», — депті. Ал, Алаштың ақиық ақыны «...Жаратылыстың құшағында, меруерт себілген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеріп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малмен бірге

өріп, сары сайран далада тұрып өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, терең болуға тиісті. Бірақ қазақ халқы тәрбие көрген жоқ, әлі тағы, әлі бала... жылдар, күндер өткен соң қазақ қиялы тәрбие алып, тереңдеп адамзат дүниесінің көгінде бір жарық жұлдыз болар деп, иманымыз кәміл»[1], — деп, қазақ халқының жарқын болашағын оның дархан даласына балап, көрегенділікпен үлкен үміт еткен. Халықтың өз туған даласының сипатындай сипатқа, туған табиғатының таң қаларлық құбылыстарындай мінез-құлыққа ие болатындығын айнытпай суреттеп берген.

Психолог-педагог ғалым С.Қалиев «Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы» дейтін еңбегінде: «Қазақтарға тән бауырмалдық, ақжарқындық, қонақжайлық мінез-құлық болса, өзбектерге тән майда, сыпайы мінезділік, үнемшілдік, орыс халқына тән қарапайымдылық пен кеңпейілдік т.б. ерекшеліктер байқалады», «... ар мен намысты қасықтай қаны қалғанша қорғай білу, дархан көңіл, ақжарқындылық пен адалдық, досқа деген мейірімділік қазақ халқының бойына туа біткен ұлттық психологиялық ерекшелік қасиеті, философиялық ойлау жүйесінің негізі», — деп түйінді ой-пікірін ортаға салады. Сонымен, бүкілхалықтық психологиялық ахуал сол халықтың барлық құрамдас бөліктерінің мінез-құлықтарының жиынтық формасы болып табылады.

Үшіншіден — Қазақ халқының тарихи-әлеуметтік қазіргі болмысында әртүрлі тарихи кезеңдердегі, атап айтқанда, араб-парсы, қытай, монғол, жоңғар шапқыншылықтарының, әсіресе Ресей империясының отарлауы салдарынан қалыптасқан психологиялық ахуалдың алатын орны бөлек. Бұған сол кезеңдерде тараған әртүрлі діндердің әсері, тіл ассимиляциясы және диссимиляциясы, бөтен ұлттардың қазақ арасында сіңісуі (қожалар мен төрелер, қытайлар мен жоңғарлар т.б.), жер-су атауларының өзгеруі (араб, парсы, қытай, монғол, жоңғар, орыс тіліндегі жер атаулары мен су атаулары), адамдардың ат-есімдерінің сол халықтардың тілінде қойылуы, бөтен тілдегі, бөтен діндегілермен некеге отыру, балаларын орысша, немісше, ағылшынша, тағы басқа тілдерде оқытуы, аралас (орыс-қазақ) мектептердің орнығуы, тағы басқа қоғамдық құбылыстар қазақтың ұлттық психологиялық ахуалына орасан зор залалын тигізіп, қатты ықпал етті. Тіптен, кейінгі ұрпақтың мәңгірттену тенденциясына әкеліп тіреді.

Төртіншіден — тіл факторы этнопсихология мен этнопедагогика теориясы мен практикасындағы шешуші фактор болып табылады. Себебі тіл арқылы этнопедагогика мен этнопсихологияның дәстүрлі жағдайлары жасалып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіледі. «Өнер алды — қызыл тіл» деп халқымыз тіл өнеріне айрықша маңыз берген. Өз ұрпағын құйма құлақтыққа, сөз парқын ажырата алуға, сөз астарын аңғаруға, шешендік сөздің парқын бағалай білуге үйретіп, ой қорытып, сөз түйе білуге, шешен сөйлеп-шешімді уәж айтуға, «от ауызды, орақ тілді» азаматтарды тәрбиелеуге терең философиялық мән берген.

«Тіл — адам жанының тілмашы. Тілсіз адамның жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар жарық көрмей қор болып қалар еді. Адам тілі арқасында ғана жан сырын ұға алады... Тілі кем болса, адамның қор болғаны. Тілсіз ұлт ділінен айрылған ұлт, дүниеде ұлт болып жасай алған емес. Ондай ұлт құрымақ... Ұлттық тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, аспайтын сабырлы мінезі бәрі-бәрі көрініп тұр. Қазақтың сары даласы кең, тілі де бай» [1], — деп тіл тағдыры мен ел тағдырын сипаттаған Мағжан Жұмабаевтың осынау терең тұжырымды пікіріне таң қаласыз. Сол заманның өзінде тілге жанашырлық танытып, ұрпақ тәрбиесіне ерекше алаңдаған ақынды көреміз.

Қазақ халқының өмірінде феодалдық қарым-қатынастардың, әсіресе феодалдық-патриархалдық қарым-қатынастардың орны бөлек. Патриархалдық қарым-қатынастың бейнесі қазақ халқының тұрмыстық, кәсіптік нысандарында әлі де көрініс береді.

1. Қазақ халқының өз әулетінде, руда ақылшы ақсақалдарды пір тұтуы. Ақсақалды бабаның, атаның шешімі руластар мен әулеттегілер үшін, бұзылмас заңдылыққа айналуы. Ақсақалды бабаның құзырындағы жазылмаған «конституциялық», «заң-құқықтық» ережелерімен қатар, соттың, прокурордың, адвокаттың құқықтарын іске асырып отыруы, билік жүргізуі, шешім қабылдауы қазақ халқы үшін заңды құбылыс болып келеді. Қазіргі өркениетті жаңа заманның өзінде де бұл қоғамдық құбылыс әр жерде сақталып қалған. Психологиялық ахуал, ретінде байқалады. Бұл халқымыздың ардақтайтын Ата салты болып табылады.

2. Қазақ отбасындағы басты тұлға — әке екендігі сөзсіз. Бұл да халқымыздың әлі де патриархалдық қарым-қатынасты ұстанатынын білдіреді. Әкенің қоғамдық, әлеуметтік, моральдік, этикалық, тұрмыстық, кәсіптік рөлі мен атқаратын қызметі, отбасындағы билік жүргізуі, оның беделі

мен қоғамдық орны әлі де болса жоғары тұр. Әкенің үмітін орындау, оның үлгі-өнегесін үйрену, қарсы келмеу, сайлауға міндеттілік мәселелері — әкенің қоғамдық орнын айқындап, әке салтын қалыптастырады.

3. Қазақ отбасындағы ер баланы қыз баладан жоғары санаушылықтың бар екені рас. Қазақ халқы сан ғасырлар бойы мың өліп, мың тірілген өмірінде ер-азаматтардың басын қадірлеп, елін-жерін қорғайтын жігіттердің аманшылығын тілеп, Тәңірден ер баланы табына, жалына сұраған. Сөйтіп, қазақтың ұлттық ерекшелігі — ер азаматтың бағасы, отбасылық орны қалыптасқан. Бұл тенденция жаугершілігі жоқ бейбіт кезеңдерде де, тіпті қазіргі кездерде де сақталған. Халқымыздың патриархалдық бұл көрінісі жас ұрпақ психологиясында мықтап орын алған. Халықтың тәрбие дәстүрінде де бұл құбылыс ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ең жақсы дәстүр болып табылады [2].

Қазақ халқы үшін діни наным-сенімнің де орны ерекше. Ежелден Тәңірге табынушылығы басым болған қазақ үшін ислам дінінің қағидалары мен шариғатын орындау, басқа мұсылман халықтарына қарағанда, әлдеқайда басқа мағына екендігі белгілі. Мұсылмандық парызын өтеу, ғибадат қылу, шариғат қағидаларын орындау тәрізді киелі істерді атқаруға келгенде көбінесе Тәңірге табынушылық нанымның үстем болып тұратындығы қазақ үшін басты психологиялық жағдай. Алла тағаладан қорыққанымен, аруаққа табынушылық басым. Мәселен, «Аруақ қолдасын», «Аруақ жарылқасын», «Аруақ желеп-жебеп жүрсін», «Аруағыңнан айналайын» сөздерінің шығуы, соған илануы ислам дінін мойындағандықтан емес, керісінше, Тәңірге табынушылықтан туған деп ұғу керек.

Жалпы Тәңірге табынушылық табиғат аясында көшіп-қонып жүрген халықтарға тән құбылыс. Табиғатты Тәңірге балап өскен дала көшпенділері жанды-жансыз дүниенің барлығын да біртұтас Тәңірге балаған.

Қазақ халқында жас нәрестені, бесікті, үй ішін, жас отауды, тағы басқа жағдайларда отпен, сумен, қамшымен, өсімдікпен, топырақпен аластаушылық, ырымшылдық, көріпкелдік, бақсылық пен балгерлік, кітап ашу, бұлт шақыру, күн жайлату, тасаттық беру, құрмалдық шалу, ақсарбас айту, қырық бір құмалак, түс жору, қобыз ойнату, зікір салу, т.б. наным-сенім әрекеттері әлі күнге дейін ел арасында сақталып келеді. Аналық дәуірден бері келе жатқан наным-сенімнің бірі — Ұмай анаға табынушылық. «Қорқыт ата кітабы», «Оғызнама», «Өсиет кітабы», «Құтты білік» секілді көне түркі мұраларының қазақ халқының мәдени келбетін, ұлттық психологиясын қалыптастыруда елеулі орны болғандығын айту қажет. Бұл мұралардың басты мақсаты — қазақ халқының тәңірлік таным-нанымның, сенім-ұғымын дәріптеу болғандығын ескерген жөн.

Міне, осындай қарапайым да табиғи жағдайлар — қоғамдық-әлеуметтік, тарихи-этнографиялық, табиғат-климат факторлары бірігіп, тұтаса келе, мындаған жылдар аумағында қазақ халқының — қоғамдық психологиясын, ру-тайпалық және әлеуметтік психологиясын, тұрмыстық және кәсіптік психологиясын, отбасы мен жеке тұлға психологиясын, қалыптастырып, ұлттық мінез сомдады. Ұлттық психология топырағынан көктеп шыққан халықтық педагогика дәстүрлері қазақ халқының бұлжымас тәрбие жолына айналды. Демек, ұлттық психологияның терең тамырларын зерттеп білмейінше, халықтық педагогиканың қағидаларына терең бойлау мүмкін емес.

Әр халықтың өзін іздеуі мен тануы — оның өркениетті елдер арасында тең дәрежеде болуының кепілі. Осы орайда түркі әлеміне ортақ ежелгі әдеби мұралармен (VI–VIII ғғ — Орхон Енисей жазба ескерткіштері, Қорқыт ата, Әл-Фараби), түркі ғұламаларының (XI–XIV ғғ. — Жүсіп Баласағұни, Махмұт Қашқари, Ахмет Жүйнеки, Қожа Ахмет Иассауи т.б.), психологиялық идеяларымен, қазақ ақын-жырауларының (XV–XIX ғғ. — Асанқайғы, Қ.Жалайри, М.Дулати, Шалкиіз, Жиёмбет, Ақтамберді, Бұқар, Шал ақын, Дулат, Махамбет т.б.) этнопсихологиялық ой-пікірлермен танысуда біз бала санасының ұлттық рухта қалыптасып, оларда ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтар туралы тұтас ұғым түзілуін басты мақсат еткенін аңғарамыз.

Ал XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. бірінші жартысында өмір сүрген белгілі қазақ ағартушы-ғалымдары мен қоғам қайраткерлерінің, психолог және педагог-ғалымдарының (Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов, Міржақып Дулатов, Назипа Құлжанова, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев т.б.) еңбектеріне шолу жасау — олардың халықты ағарту мүдделерінде, ұлттық мектептің тұжырымдамасын жасауда және балаларды оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын анықтауда халықтық принципті ұстанғанын аңғарамыз. Олар тұлғаның қалануын оның ұлттық өзіндік санасының қалыптасуымен бірлікте іске асыруды көздеп, мұнда баланың жас ерекшеліктерін ескеруге және әдіс-тәсілдерге үлкен көңіл бөлген. Ағартушы-ғалымдар халықтың ұлттық өзіндік санасының оянуы —

өзге халықтар арасында қорланбай тең дәрежеде өмір сүрудің бірден бір мүмкіндігі, ал оның жолы — өз халқының ана тілін, әдебиеті мен мәдениетін меңгеріп қана қоймай, әлемдік мәдениетпен танысып, өзін солармен салыстыру арқылы білімге, ғылымға, тіл үйренбекке ұмтылу деп білді. Осы тұрғыдан келгенде, әрбір ұлттың алға ұмтылуына, басқалар мен терезесін тең қылуға, дәрежесін қатар ұстауға ең бірінші ұлттық мінез қажет екен. Енді осы мінез-құлық жөнінде азырақ тоқталсақ.

Қожа Ахмет Яссауи «Диуани хикметінде» жалпы мұсылмандар үшін қажетті ислам дінінің парыздарына жан-жақты тоқталған. Осы діни тәрбиелік еңбегінде ол:

- 1) тәубашылдық;
- 2) ғибадатшылдық;
- 3) махаббат;
- 4) сабырлылық;
- 5) шүкіршілік;
- 6) ризашылдық;
- 7) заһидшілдік (анықтық);
- 8) ғаріптік (мүсәпір, бишара) [3] жүйесімен саралаған.

Бұлардың барлығы адам бойындағы жағымды мінез-құлықты айғақтайды. Әл-Фараби: «Жаксы мінез-құлықпен ақыл-күш болып біріккенде, бұлар адамның қасиеті болып табылады», — деп баға береді.

Мінез — адамның генетикалық ерекшеліктеріне байланысты, өмір жағдайларына сәйкес және солардың ықпалымен байқалып отыратын, оның тұрақты психикалық ерекшеліктерінің жиынтығы. Мінездің қоғамдық психологиялық табиғаты болады, яғни адамның дүниетанымына білімі мен өрісі, тәжірибесі бойынша сіңірген моральдік ұстанымдарына, басқа адамдар тарапынан басшылық жасалуына және олармен белсене араласуына байланысты.

Ақын Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығында мінез туралы былай дейді: «Бір адамның барлық ісін басқа адамдардың істерінен айыратын сипаттар мінез деп аталады. Сондықтан мінез ақылға, яки сезімге байлаулы нәрсе емес, қайратқа байлаулы һәм мінез қайрат күшті болса, сөзінен ісі айырылмайтын, екеуі екі бөлек жайылмайтын болса, ондай адамның мінезі қайратты, күшті, берік мінез деп аталады. Егер де сөз бен ой және ісі қабыспайтын болса, ауыз айтқанды қол істей алмаса, ондай адамның мінезі жұмсақ мінез деп аталады. Мінез адамның жаратылысына қарай тума болады һәм басқа сыртқы себептермен тұрмыс түрі, жаратылыс, жолдас, тәрбие сықылды жүре пайда болады. Тума мінез көбінесе тұқым қуалап келеді.

...Адамның өмірлік бет алысын білдіретін, оның бір сыдырғы тұрақты және жеке-дара тұрлаулы қасиет мінезінің екі сипаты бар: бірі — адамның ақиқат дүниеге қатынасы және оны жүзеге асырудың өзіндік амалдары. Екіншісі — өз әрекетін тәртіпке келтіре алатын өзіндік еріктері. Адам ғұмырының барлық жасындағы мінезіне тәрбиенің ықпалы зор» [1], — делінген.

Жаксы мінез — адамдық қасиетті айқындайтын басты көрсеткіш. Ұлттық психикалық құрылым үш бөліктен тұрады, деп айтады осы саланың мамандары. Ол — ұлттық сезім, салт-дәстүр және ұлттық мінез. Осы үш бірлестік — ұлттық мәдени ерекшеліктің шартты белгілері. Көркем мінез дегеніміз — қалыптасқан жеке тұлғаның бойынан кездесетін адами жағымды қасиеттердің жиынтығы. Адам баласы адамзаттық құндылықтарды игеру үшін мынадай көркем мінездерді жинақтаған болуы керек:

- 1) аллаға илану;
- 2) тәуекел қылу;
- 3) уәдеде тұру;
- 4) сабырлы болу;
- 5) мәрт болу, таза болу;
- 6) ұятты болу;
- 7) шын сөзді болу.

Енді адамның болмысы, табиғаты жайлы бірер сөз. Адам — биоәлеуметтік тіршілік иесі, қажеттіліктің екі негізгі түрін бөліп көрсетеді: биологиялық (тамаққа, жылылыққа т.б.) және әлеуметтік (материалдық және рухани) [4].

Адамдар арасындағы айырмашылық биологиялық қажеттілік жинағында, олардың сандық және сапалық көрінісінде аз көрінеді. Белсенділік адамға табиғатынан берілген, ал оған объективтілік тән. Адам белсенді болса, онда ол өмір сүруде дегенді білдіреді. Адам белсенділігінің бағыттылығы белгілі бір шынайылыққа (объектіге) бағытталған. Қажеттілік, адамның дәл сол мезетте өмір сүруі,

дамуы үшін қажетті, мұқтаждық күйі. Осы «мұқтаждық күйі» үнемі белсенділіктің қайнар көзі, оның «ішкі қозғаушысы». Адамда қанша қажеттілік бар? Оның қоршаған әлеммен байланысты, өзара әрекеті қаншалықты, қажеттілік те соншалықты.

Адамның өмірінде құқықтық сананың алар орны ерекше. Құқықтық сананың дамуы — адамның барлық өмірін дерлік қамтитын ұзақ, күрделі және қарама-қайшылықты үрдіс.

Ұлттық психологияның мектептегі көріністеріне шолу.

Мектеп психологтары оқушылардың жас ерекшелігіне қарай түрлі міндеттер атқарады. Мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағылардың эмоцияларын тәрбиелеуге, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға, ақыл-ой жұмысының негізгі тәсілдерін үйретуге қолдау көрсету. Жеткіншек жасындағыларға психологиялық қызмет негізінен екі міндетті жүзеге асырады:

1. Қарым-қатынаста қиындықтары бар балаларды анықтау.

2. Мұғалімдердің нұсқаулығын қабылдауда, мектеп өмір-тіршілігінде оқушылардың эмоционалдық реакцияларына зейін бөлуі.

Мектеп психологының басты міндеті ретінде оқушылардың мамандықты таңдауларына байланысты көмек көрсету де бар. Бірақ бұл міндеттерді атқаруда ХХ ғасыр ортасына қарай еуропалық елдердегі мектептегі психологиялық қызмет жеткілікті дәрежеде дамымаған еді. Шынайы практикада мектеп психологы мұғалімге күнделікті көмек, педагогтың жұмысын түзетуші және бағыттаушы болып кеңесшінің рөлін орындады.

1950–60 жж. мектеп психологының қажеттілігі арта бастады, әсіресе ақыл-ойы тежелген және де басқа ауытқушылықтары бар балалар санының өсуіне байланысты. Бұл көптеген елдерде мектептегі психологиялық қызметтің дамуына демеуші болды. Білім беру жүйесінде практикалық психологтар қауымдастығының құрылуы, олардың кәсіби кездесулері және пікір-сайыстары мектеп психологиясын дамытуда маңызды рөл атқарды. ХХ ғасырдың 60-жж. АҚШ-та бірінші мектеп психологтарының кәсіби ұйымы құрылған. 80-жж. АҚШ-та мектеп психологтарының Ұлттық ассоциациясы ұйымдастырылған (NASP). Англияда мектептегі психологиялық қызметті дамытуға 1973 ж. Уэльсте өткен конференцияның маңызы зор болды. Онда мектептегі психологиялық қызметтің рөлі, мақсаттары, әдептік және құқықтық іс-әрекеттердің негізі т.б. мәселелер талқыланды [5].

Адамзат қоғамында жалпы адам өмірінде әлеуметтік жағдайлар зор рөл атқарады. Өмір сүру барысында күнделікті тіршілік заңында осы әлеуметтік жайлардың жақсы болуы, дұрыс жүруі — әрбір жанның жүріс-тұрысына, көңіл-күйіне, жан дүниесіне көп әсер етеді. Адамның көңіл-күйі сынаптай сырғиды, теңіздей толқиды. Адам жаны өте нәзік клеткалардан құралған. Қатты сөздің, қорқынышты ойдың өзі оны үзіп жіберуі мүмкін.

Әр адамның саналы ғұмыры — оның жан дүниесіне, көтеріңкі көңіл-күйіне байланысты. Жақсы өмір, ғажайып ғұмыр кешу үшін үнемі көңілді, сергек, салауатты жүру қажет. Бірақ бүгінгі алмағайып та қиын заманда олай болуы мүмкін емес. Айналаның бәрі кредит, бір-біріне қарыз, жұмыссыздық, қаражат тапшылығы, экологиялық апаттар, басқа да түрлі келеңсіз жайттар — адам ғұмырын қысқартып, кейде жойып та жатыр. Бүгінгі технология дамыған заманда адамның миы өз мәнінде жұмыс істемей, тек дайын нәрсеге үйреніп, дағдыланып жатыр. Көркем кітаптар оқылмайды, жақсы сөздер тыңдалмайды. Бұл — замана дерті. Қазіргі ұрпақ еңбек дегеннің не екенін ұмытып барады. Бұрынғы еңбекқор, еңбекшіл деген ұғымдар естілмейді. Осы тұрғыдан келгенде біздің қоғамға психологтар, осы саланың мамандары аса қажет.

Адамдарға бақыт сыйлау — дүниедегі ең басты, ең қастерлі қасиеттің бірі.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Жұмабаев М. Педагогика / М. Жұмабаев. — Алматы: Рауан, 1995. — 112 б.
- 2 Тілеужанов М. Халық тағылымы / М. Тілеужанов. — Алматы: Рауан, 1996. — 299 б.
- 3 Қожа Ахмет Иассауи / бас ред. Е.М. Арын. — Павлодар: Кереку-Баян, 2003. — 204 б.
- 4 Әлеуметтік философия: хрест. — Алматы: Ақыл кітабы, 1997. — 226 б.
- 5 Педагогика және психология сөздігі. — Алматы: Мектеп, 2002. — 251 б.

Ж.З. Кадина, А. Жакан, Б.С. Сатеева, Ж.Зенгин

## Источники психологического учения и сфера применения в современном обществе

В статье рассмотрен психологический аспект влияния на развитие современного казахского народа таких исторических периодов, как колониализм, войны и революции, различные политические кампании мошеннического характера. Тот факт, что у каждой нации есть своя особенность, свидетельствует о том, что проблему выживания и зависимость от географического места проживания нельзя игнорировать в исследованиях. Приведены примеры из трудов известных ученых Л.Н. Гумилева, педагога-психолога С. Калиева, поэта М. Жумабаева, в которых говорится о психологическом состоянии народа, о философской основе мышления. Говоря о моральном, этическом воспитании, в казахской национальной психологии поднимается вопрос о защите чести и достоинства казахского народа, нравственности, хороших манерах, честности, верности и дружелюбии. Авторами представлена точка зрения современных психологов о том, что передающиеся из поколения в поколение культурные и духовные ценности нации остаются такими же уникальными в сознании народа.

*Ключевые слова:* нация, психология, этнопедагогика, этнопсихология, характер, фактор языка, обычаи, традиции, убеждения, вера, поколение, история, этнос, развитие, ценности.

Zh.Z. Kadina, A. Zhakan, B.S. Sateeva, Zh. Zengin

## Sources of psychological teaching and scope in modern society

In the article psychological aspect of the influence to the development of modern Kazakh people of such historical periods as colonialism, wars and revolutions, various political campaigns of fraudulent character is considered. The fact, that each nation has its feature, demonstrates that the problem of survival and dependence on the geographical place of residence cannot be ignored in researches. The examples from the works of famous scientists L.N. Gumilyov, educational psychologist S. Kaliev, poet M. Zhumabaev were given, in which the psychological state of the population, the basis of philosophical thinking are spoken. Speaking about moral, ethical education, in the Kazakh national psychology the question of honor and dignity protection of the Kazakh people, morality, good manners, honesty, fidelity and friendliness is brought up. Authors presented the point of view of modern psychologists that the cultural and spiritual values of the nation passing from generation to generation remains the same unique in consciousness of the people.

*Keywords:* nation, psychology, ethnic pedagogy, ethnic psychology, the nature, the factor of language, customs, traditions, beliefs, faith, generation, history, ethnicity, development, values.

### References

- 1 Zhumabaev, M. (1995). *Pedahohika [Pedagogy]*. Almaty: Rauan [in Kazakh].
- 2 Tleuzhanov, M. (1996). *Khalyk talylymy [Folk tradition]*. Almaty: Rauan [in Kazakh].
- 3 Aryn, E.M. (Eds.). (2003). *Kozha Akhmet Yassau [Kozha Ahmed Yasawi]*. Pavlodar: Kereku-Baian [in Kazakh].
- 4 *Social philosophy*. (1997). Almaty [in Kazakh].
- 5 *Dictionary of Pedagogy and Psychology*. (2002). Almaty: Mektep [in Kazakh].